

Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 ақпан N 182. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 185 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.04.2016 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 3 ақпандағы

N 182 қаулысымен

бекітілген

**Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан түскен қаражатты пайдаланудың
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже қылмыстық-атқару жүйесінің (бұдан әрі - ҚАЖ) мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан түскен қаражатты қалыптастырудың, пайдаланудың және есепке алудың тәртібін анықтайды.

2. Қызмет көрсетулерден және тауарлар сатудан түскен қаражат

2. ҚАЖ-дың мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарларды сатудан қаражат түсіру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сотталғандарға, қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларға тауарлар сату және ақылы қызмет көрсету есебінен жүзеге асырылады.

3. Қызмет көрсетулерден және тауарлар сатудан түскен қаражатты пайдалану тәртібі

3. ҚАЖ-дың мемлекеттік мекемелері ұсынатын қызмет көрсетулер мен тауарлар сатудан түскен қаражат мынадай бағыттар бойынша пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, міндетті аударымдар мен салықтарды ескере отырып, қосымша қызметтерді көрсету үшін шарттық негізде жұмысқа тартылған қызметкерлерге еңбекақы төлеуге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға рұқсат берілетін тізбе бойынша, осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген адамдардың мұқтаждары үшін азық-түлік өнімдерін, диеталық тамақ өнімдері, күнделікті қажетті заттар, газет және журналдар сатып алуға;

- қосымша емдеу-профилактикалық және санитарлық-профилактикалық көмек көрсету үшін дәрі-дәрмектер және медициналық мақсаттағы басқа да құралдар сатып алуға;

- қосымша қызмет көрсету үшін қажетті ағымдағы шаруашылық мақсаттарға заттар мен материалдар сатып алуға;

- тұрмыстық жағдайлары жақсартылған камералар, кездесу бөлмелері мен дүкендер үшін жұмсақ мүкәммал, жиһаздар және жабдықтар сатып алуға;

- қосымша қызметтер көрсету үшін қажетті жабдықтар, ұйымдастырушылық және компьютерлік техникалар сатып алуға;

- коммуналдық қызметтерге, электр, жылу энергиясына, тұрмыстық жағдайлары жақсартылған камераларды, кездесу бөлмелері мен дүкендерді ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізуге ақы төлеуге;

- қосымша қызметтер көрсету кезінде қажетті байланыс қызметтеріне ақы төлеуге.

4. Қызмет көрсетулер мен тауарлар сатудан түскен қаражатты есепке алу және есеп беру

4. Қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің қызмет көрсетулері мен тауарлар сатудан түскен қаражаты ҚАЖ-дың мемлекеттік мекемелерінің "Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражат" ағымдағы шотына аударылады, қатаң түрде белгіленген мақсаттарға сай пайдаланылады, оған бюджеттік қаражатқа билік етуге құқық берілген мемлекеттік мекеменің басшысы оларға иелік етуші б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Қызмет көрсетулер мен тауарлар сатудан түскен қаражатты жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен шығыстар сметасы жасалады және бекітіледі.

6. Қызмет көрсетулер мен тауарлар сатудан түскен қаражатты есепке алу және оларды пайдалану туралы есеп беру Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

7. ҚАЖ-дың мемлекеттік мекемелері көрсететін ақылы қызметтердің және сатылатын тауарлардың бағасын заңнамада белгіленген тәртіппен ҚАЖ-дың аумақтық басқару органдары бекітеді.<*>

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.18. N 820 қаулысымен.